***Ақтөбе қаласы Ғұбайдолла Ақтаев атындағы №6 орта мектептің 11 «Ә» класс оқушысы Жоламанов Ұлан Андрейұлы***

# Ішкі Бөкей Ордасындағы 1836 – 1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған шаруалар көтерілісі

# Ішкі Бөкей Ордасының құрылуы

1801 жылы Нұралы ханның екінші ұлы Бөкей сұлтан Орыс патшасына бос жатқан Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы атамекеніне көшіп-қоныстануға рұқсат сұраған өтініш жолдайды. Ресей императоры Павел I Бөкей сұлтанның өтінішін қабыл алып, 1801 ж. наурздың 11 былай деген рескриптісін (жарлық) шығарады:

«Қырғыз-Қайсақ Кіші ордасының Хан кеңесінің төрағасы Бөкей сұлтан Нұралы хан ұлын өзіме ризашылықпен қабылдаймын, өзі қалаған жеріне көшіп жүруіне рұқсат етемін және менің рахым етуімнің белгісі ретінде қара лентамен мойынға тағатын өз суретім бар алтын медаль тағайындаймын.» Сол жылдың күзінде Бөкей сұлтан өзіне қарасты 5 мың түтін ауылымен Жайықтың ішкі бетіне көшіп-қоныстанады. Тарихта Ішкі Қазақ немесе Бөкей ордасы аталған өлкенің іргесі осылай қаланады.


Ішкі Бөкей Ордасы

***Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс***

***Қозғаушы күші: шаруалар***

***Хронологиялық шеңбері: 1836 – 1838ж, Бөкей Ордасы***

***Себебі: Жәңгір ханның әділетсіздігі, алым – салықтың көбеюі, халық жағдайының нашарлауы.***

***Нәтижесі: Жеңіліспен аяқталды, ұйымшылдық болмады.***

## *Көтерілістің себептері*

- ***Басты себебі: жердің жетіспеуі***
- ***Хан билігіне шек қою***
- ***Шаруалардың жағдайын жақсарту***
- ***Әскери бекіністердің салынуын тоқтату***
- ***Патша өкіметінің отаршылдық жер саясатын өзгерту***

# Болған оқиғалар:

- Балқы Құдайберген ауылын талқандады 1837 ж. 15 қазан
- Тастөбе шайқасы 1837 ж. қараша
- Ақбұлақ шайқасы 1838 ж. 12 шілде
- 1838 жылы Исатай Тайманұлы, 1846 жылы Махамбет Өтемісұлының қайтыс болуы

***Көтерілісті басқарғандар:***

***Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Сары Еділұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы, Ұса Төлегенұлы, Иманбай Қондыбайұлы және т.б.***

# *Исатай Тайманұлы*

***Халық батыры И.Тайманұлы 1791 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы "Тайман жалы" деген жерде дүниеге келген. Исатайдың анасы Есентемір руының Тағашы бөлімінен. И.Тайманұлының төртінші атасы есімі қалмақтарға қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін Беріш руының ұранына айналған Исатайдың жастық шағында оған ықпал жасап, қамқорлық еткен әкесі, Тайманның інісі - Жабал Бегәліұлы. 1808 жылы Жабал бастаған Бегәлі ауылы Бақсай бекінісі тұсынан Жайықтан өтіп, Бөкей ханның қарауына кіреді. Хан орысша сауатты, саясаттан хабары бар, халық алдында беделді Жабалды Беріш аулына старшина етіп қояды. Жабал қайтыс болғаннан кейін, оның орнына старшина етіп И.Тайманұлын қоюды сұрап, хан Бөкей 1812 жылы 12 наурызда Орынбордағы Шекара коммссиясына ұсыныс жасайды. Шекара комиссиясы 1813 жылғы қараша айында Бөкей ханның ұсынысын қуаттап, құжаттарды әскери губернаторға жібереді. Генерал губернатор Г.С.Волконский 1814 жылы 12-қарашада Исатайды старшиналыққа бекіту туралы құжатқа қол қояды.***



# Махамбет Өтемісұлы

***Қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.***



***Көтерілістің тарихи маңызы:***

***Жәңгір хан көтерілісшілердің кейбір талаптарын орындауға мәжбүр болды. Атап айтқанда, халықтан жиналатын алым-салық көлемін едәуір жеңілдетті. Патша үкіметіне наразылық білдірген старшындардың пікірімен санасу керектігін түсінді.***

***Патша үкіметі құрған жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қазақтардың отаршылдыққа қарсы ірі баскөтеруі еді. Оның ұлт-азаттық сипаты басым болды. Көтеріліс аяусыздықпен басылғаннан кейін де жалғаса берді. 1842 жылы Жәңгір ханға қарсы Аббас Қошайұлы мен Лаубай Мантайұлы бастаған баскөтерулер болып өтті.***




МАХАМБЕТ

**Назар аударғандарыңызға рахмет!!!**